

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:25.02.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	<i>Диктант "Анасының жұмысы"</i>		
Мақсаты	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <p>1.Оқушылардың зат есім,етістік туралы алған білімдерін қорытындылау мақсатында диктант алынады .Оқушылардың білімдері тексеріледі.</p> <p>2.Оқушылардың сауаттылығы,қатесіз жазу дағдылары дамытылады.</p> <p>3.Ұқыптылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың түрі:білімдерін тексеру.</p> <p>Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап,түсіндіру,жазбаша жұмыс</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Қоңырау біздің сиқырлы, Сыңғырлап тағы ән салды. Шақырды түріп ұйқыңды, Шеңберге тұр, – деп баршаңды Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.</p>		
Қызығушылықты ояту	<p>*Өтілген материалдар бойынша алған білімдерін тексер</p> <p>- Зат есім дегеніміз не?</p> <p>- Зат есімге қандай сұрақтар қойылады?</p> <p>- Жалқы есім дегеніміз не? Мысал келтір.</p> <p>- Жалпы есім дегеніміз не? Мысал келтір</p> <p>-Зат есімнің жекеше түрі дегеніміз не?</p> <p>-Зат есімнің көпше түрі дегеніміз не?</p> <p>-Етістік дегеніміз не?</p> <p>*Диктантқа дайындық</p> <p>-Сөйлем қалай жазылады?</p> <p>-Сөйлем аяқталған соң қандай тыныс белгілері қойылады?</p> <p>*Сабақтың тақырыбын және мақсатын жариялау.</p> <p>-Бүгін диктант жазамыз.</p>		
Мағынаны тану	<p>*Мәтінмен жұмыс.</p> <p>1. Мәтінмен таныстыру.</p> <p style="text-align: center;">Анасының жұмысы</p> <p>Аяжанның апасы дәріханада қызмет істейді.Аяжан апасының дәріханасында талай болған.Ондағының бәрі оған ұнайды.Тап-таза,жинақы. Дәріханада дәрі көп.Апасы басына тақия киеді.Үстінде ақ халат. Дәрігер оқушыларға, жұмысшыларға,құрылысшыларға,ауырған адамдардың бәріне дәрі жазып береді.Апасы жазып берген дәрілерді оларға тауып береді.Анасының жұмысы Аяжанды қызықтырады.(47 сөз)</p> <p>2.Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p>3.Тапсырма:</p> <p>1.Мәтіннен зат есімдерді тапқызып,астын сызғызу.</p> <p>2.Кім? сұрағына жауап беретін сөздерге дыбыстық талдау жасату.</p>		
Сергіту сәті	<p>Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан?</p>		



	Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.
Ой толғаныс	Тест тапсырмаларын орындау.
Үйге тапсырма	Қайталау.
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>
Кері байланыс	